

Resolution on the Council of Europe youth sector strategy 2030

Unofficial translation into Kazakh

Résolution relative à la Stratégie du Conseil de l'Europe pour le secteur jeunesse à l'horizon 2030

Traduction non-officielle en kazakh

«Еуропа Кеңесі жастар департаментінің 2030 жылға дейінгі стратегиясы туралы» CM/Res(2020)2 қарары

© Council of Europe, original English and French versions

Text originated by, and used with the permission of, the Council of Europe. This unofficial translation is published by arrangement with the Council of Europe, but under the sole responsibility of the translator.

* * * * *

© Conseil de l'Europe, versions originales en anglais et français

Le texte original provient du Conseil de l'Europe et est utilisé avec l'accord de celui-ci. Cette traduction est réalisée avec l'autorisation du Conseil de l'Europe mais sous l'unique responsabilité du traducteur.

«Еуропа Кеңесі жастар департаментінің 2030 жылға дейінгі стратегиясы туралы» CM/Res(2020)2 қарары

*(Министрлер Комитеті 2020 жылғы 22 қаңтарда
Министрлердің орынбасарларының 1365-ші отырысында қабылдаған)*

Министрлер комитеті

2005 жылғы мамырда Варшавада өткен Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттер мен үкімет басшыларының 3-ші саммитінде қабылданған, атап айтқанда, «Еуропа Кеңесі жастар саласындағы өзінің бірегей тұрғысын одан әрі дамытатын болады» делінген декларация мен іс-қимыл жоспарын назарға ала отырып,

Министрлер комитеті 2019 жылдың мамыр айында Хельсинкиде өткен 129-шы сессиясында Еуропа Кеңесінің 70 жылдығына орай қабылдаған, атап айтқанда "қоғамдарымызға қауіп төндіретін жаңа сын-қатерлерге қарсы тұру үшін бұрынғыдай Еуропалық бірлік қажет. Ұйымның мүше мемлекеттерде туындайтын мәселелерге қатысты жедел әрі нәтижелі түрде әрекет етуінің өмірлік маңызы бар. (...) Осы мақсатта біз жалпы еуропалық ынтымақтастықтың тиімді тетігі ретінде Еуропа Кеңесінің бірегей рөлін нығайтуды міндетімізге аламыз" делінген декларацияны назарға ала отырып,

Авторлары «азаматтық қоғамның негізгі рөлін» мойындайтын және «біз қатысатын барлық деңгейлерде азаматтық қоғаммен сындарлы әрі көлегейсіз сұхбат жүргізуді» міндетіне алатын дәл осы декларацияны назарға ала отырып,

Осы тұрғыдан Жастар ісі жөніндегі бірлескен кеңесте (CMJ) жас еуропалықтар мен жастар мәселелеріне жауап беретін мемлекеттік органдардың өкілдерінің пікірлерін біріктіретін қатысушы демократияның жанды үлгісі ретінде Еуропа Кеңесінің жастар саласындағы бірлескен басқару жүйесінің маңызды рөлін атап көрсете отырып;

Мәдени құндылықтарды қорғау туралы Еуропалық конвенцияны және Еуропа Кеңесінің азшылық ұлттарды қорғау туралы негіздемелік конвенциясын назарға ала отырып;

Еуропа Кеңесінің Жастар ісі жөніндегі министрлерінің 8-ші конференциясының 2008 жылғы қазанда Киевте қабылданған "Еуропа Кеңесінің жастар саясатының болашағы: 2020 жылғы күн тәртібі" атты декларациясын және 2008 жылғы 25 қарашада Министрлер комитеті қабылдаған Еуропа Кеңесінің жастар саясаты туралы CM/Res(2008)23 қарарды назарға ала отырып;

2020 жылғы Іс-әрекет жоспарының жетістіктері мен сабақтарын назарға ала отырып;

Еуропа Кеңесінің жастар саясаты саласындағы нормативтік құжаттарын, соның ішінде Министрлер комитетінің Мүше мемлекеттерге ересек өмірге көшу кезеңінде жас босқындарды қолдау турасында берген CM/Rec(2019)4 ұсыныстамасын, Министрлер комитетінің Мүше мемлекеттерге жастармен жұмыс істеу турасында берген CM/Rec(2017)4 ұсыныстамасын, Министрлер комитетінің Мүше мемлекеттерге Жастардың құқықтарды пайдалана алу мәселелері турасында берген CM/Rec(2016)7 ұсыныстамасын, Министрлер комитетінің Мүше мемлекеттерге күнкөрісі нашар мекендердегі жастардың әлеуметтік құқықтарды пайдалана алуы турасында берген CM/Rec(2015)3 ұсыныстамасын, Министрлер комитетінің Еуропа Кеңесінің Жарғысы бойынша мүше мемлекеттерге демократиялық азаматтық білім беру және адам құқықтары саласында білім беру турасында берген CM/Rec(2010)7 ұсыныстамасын, Министрлер комитетінің Мүше мемлекеттерге жастардың азаматтығы мен қоғамдық өмірге қатысуы турасында берген Rec(2006)14 ұсыныстамасын, Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге жастардың жергілікті және өңірлік өмірге қатысуы турасында берген Rec(2004)13 ұсыныстамасын, Министрлер комитетінің Мүше мемлекеттерге

жастарға бейресми білім беруді/оқытуды ілгерілету мен мойындау турасында берген Res(2003)8 ұсыныстамасын және Министрлер комитетінің «Өшпенділікке жол берме» атты жастар науқанының нәтижелері туралы Decl(29/05/2019) декларациясын ұстану мен жетілдіру қажеттігін ескере отырып;

Еуропа Кеңесінің бала құқықтары саласындағы стратегиясын (2016-2021 жылдар), Еуропа Кеңесінің Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі стратегиясын (2018-2023 жылдар), Еуропа Кеңесінің мүгедектерге қатысты стратегиясын (2017-2023 жылдар, рома сығандары мен халықтың көшпелі топтарын интеграциялау бойынша іс-қимылдардың тақырыптық жоспарын (2016-2019 жылдар), Еуропа Кеңесі Парламенттік ассамблеясының адамдардың діни нышандары бойынша оларға қатысты құдайға тіл тигізу, дінін қорлау және өшпенділік таныту турасындағы ұсыныстамасын және Еуропа Кеңесінің Интернетті басқару және жасанды сана саласындағы жұмысын назарға ала отырып,

Еуропа Одағы Кеңесінің және Кеңесте «Жастар саласындағы еуропалық ынтымақтастық шеңбері: Еуропа Одағының 2019-2027 жылдарға арналған жастар стратегиясы» туралы мәселе бойынша жиналған мүше елдердің үкімет өкілдерінің атап айтқанда, «Еуропа Кеңесі осы салада жүргізіп жатқан жұмыстармен келешек өзара іс-қимылды көтермелеу қажет» екені атап көрсетілген Қарарын назарға ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2015 жылғы 25 қыркүйекте қабылдаған «Біздің әлемді қайта құру: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» A/RES/70/1 қарарын және Біріккен Ұлттар Ұйымының «Жастар 2030 жылға дейін: жастармен және олардың мүддесінде жұмыс істеу» атты жастар стратегиясын назарға ала отырып;

Жастар мәселелерімен айналысатын барлық тиісті халықаралық мүдделі тараптармен, атап айтқанда Еуропа Одағымен және Біріккен Ұлттар Ұйымымен жұмысты келісе отырып өзара іс-қимылды қамтамасыз етудің маңыздылығын мойындай отырып;

Кез келген демократиялық қоғамның орнықтылығы жастардың шығармашылық істеріне, серпінді қимылына, әлеуметтік жауапкершілігі мен кәсіпқойлығына байланысты екенін есте ұстай отырып;

Еуропа кеңесі жастар департаменті қамтитын бірегей географиялық аумақ пен оның рөлін және құралдарын, соның ішінде бірлескен басқару жүйесін, Страсбург пен Будапештегі Еуропалық жастар орталықтарын, Еуропалық жастар қорын және Еуропадағы жұмысқа қатысуға және демократиялық құндылықтар мен адам құқықтарын іске асыруға тарту мақсатында жастар мәселелері жөніндегі Еуропалық комиссиямен серіктестікті тағы да растай отырып;

Еуропа Кеңесінің мүмкіндіктер жасауға бағдарланған тәсілдеме негізінде, атап айтқанда, мүше мемлекеттердің жастар саясатын Еуропа Кеңесінің стандарттарына сәйкес әзірлеуіне көмектесу арқылы жастарға мақсатқа сай әрі келісілген түрде инвестициялауы қажеттігін назарға ала отырып;

Жастарда мүмкіндіктердің болмауы жағынан да, сондай-ақ көтеріңкі әлеуметтік тұрақсыздық қатерінің болуы жағынан да олардың алдынан үнемі кездесіп отыратын проблемаларды ескере отырып, бірақ Еуропа Кеңесінің айтарлықтай әлеуетіне, демек, оның негізгі құндылықтарын ілгерілетудегі түбегейлі рөліне сенімді бола отырып;

Еуропа Кеңесі жастар департаментінің Ұйымның мақсаттарына қол жеткізуге 1972 жылдан бері қосып келе жатқан нақты үлесін және оның климаттың өзгеруі, жасанды сана және Интернетті басқару саласындағы жаңа жағдайлар мен проблемаларға байланысты тиісті шараларды әзірлеу бойынша қабілетін атап көрсете отырып;

Осы тұрғыда 2020 -2030 жылдарға арналған жаңа стратегиялық бағдарламаларды жасаудың маңызын атап көрсете отырып;

Еуропа Кеңесінің Жастар ісі жөніндегі бірлескен кеңесі 2019 жылғы қазанда қабылдаған 2030 жылға дейінгі жастар департаментінің стратегиясы туралы анықтамалық құжатты назарға ала отырып;

1. Еуропа Кеңесінің жастар департаменті бүкіл Еуропадағы жастардың Еуропалық Кеңестің адам құқықтары, демократия және заңның үстемдігі саласындағы негізгі құндылықтарын белсенді түрде қолдауына, қорғауына, ілгерілетуіне және пайдалануына, атап айтқанда мыналар арқылы мүмкіндік беруге ұмтылуға тиіс деп қаулы етеді:

- жас адамдар және азаматтық жастар қоғамының барлық топтары өздерінің барлық құқықтары мен бостандықтарын толық жүзеге асыратын қолайлы жағдайларға, соның ішінде нақты

стратегияларға, тетіктер мен ресурстарға арқа сүйей алуы үшін жастардың құқықтарға қол жеткізуін нығайту;

- жастардың демократиялық үдерістерге қатысуы білімі мен тәжірибесі мол мамандар қауымы тарапынан қолдау табуы үшін жас адамдардың білімін тереңдету;
- билікке араласуды, басқаруға халықтың кеңінен қатысуын және биліктің есептілігін қолдау мақсатында ауқымды әлеуметтік және саяси келісімнің негізінде шешім қабылдауға жастардың саналы түрде қатысуы үшін жастардың қатысуын кеңейту;

2. Төмендегілердің Еуропа Кеңесі жастар департаментінің 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиясының тақырыптық басымдықтары ретінде қарастырылуға және оның 2030 жылға дейінгі жұмысын бағыттауға тиіс деп қаулы етеді:

a. төмендегілерге баса көңіл бөле отырып плюралистік демократияны жаңғырту:

- өздерінің мүшелігінің аясында және одан тыс салаларда қатысушы демократияны және демократиялық азаматтықты дамыту үшін жастардың азаматтық қоғамының мүмкіндіктерін кеңейту;
- жастардың түрлі топтарын және олардың өкілдерін/ұйымдарын қатыстыра отырып, саяси және басқарушылық процестерді мән-мағыналы кеңінен қатысу негізінде көбірек көлемде жүргізу;
- жастар саясатын және жастардың қоғамдық-саяси өмірге қатысуына кедергі болатын жайттарды жою бойынша жастармен атқарылатын жұмысты нығайту;
- жастар өкілдігінің үлгілерін өзгерту, цифрлық пішінге көшіру немесе Интернетті басқару сияқты демократия саласындағы жаңа үрдістерге ден қою бойынша институционалдық шараларды жетілдіру;

b. төмендегілерге баса назар аудара отырып, жастардың құқықтарға қол жеткізуі:

- Еуропа Кеңесінің жастардың құқықтарға қол жеткізуі бойынша стандарттарын жүзеге асыруын ілгерілетуге жәрдемдесу;
- адам құқықтары және құқықтарға қол жеткізу саласында білім беруді қамтамасыз ету мақсатында жастар ұйымдары мен басқа да мүдделі тараптарға арналған әлеует пен ресурстарды көбейту;
- климаттың өзгеруінің және қоршаған ортаның жай-күйінің нашарлауының салдары, жасанды сана, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, цифрлық кеңістік, ұтқырлықты арттыру және жұмыспен қамтудың жаңа түрлері сияқты, жастардың құқықтарын және олардың ересек өмірге аяқ басуын қозғайтын проблемаларға қатысты әрекеттену бойынша институционалдық шараларды жетілдіру;

c. төмендегілерге баса көңіл бөле отырып, бейбіт әрі тату-тәтті қоғамдарда өмір сүру:

- мүдделі тараптарға сан алуандықты ескеретін саясаттың, бағдарламалар мен жобалардың көмегімен инклюзивті қоғамдарды құруға байланысты проблемаларды шешу үшін, сондай-ақ кемсітушілікті, зорлық-зомбылық пен оқшаулауды пәрменді қадағалау және оларға қарсы тұру үшін неғұрлым көбірек мүмкіндіктер беру;
- жастардың, соның ішінде кемсіту мен оқшаулаудың кез келген түрінен зардап шегетін адамдардың демократиялық азаматтыққа ұмтылуын жақсартатын мүмкіндіктерді пайдалануына жағдай жасау;
- жастар департаментінде және одан тыс жерлерде саясатқа, іс-тәжірибеге және зерттеу жұмыстарына көбірек көңіл бөле отырып, еуропалық біртұтастық, жаһандық ынтымақ, бейбітшілік, сан алуандық, түрлі мәдениет өкілдері мен ұрпақтар арасындағы сұхбат және экологиялық тұрақтылық сияқты басты қағидаттарды ендіру;
- қаржыландыруды, желілерді құруды және жастардың бүкіл сан алуандығын және олардың өздерін ұйымдастыру тәсілдерін мойындауды елеулі түрде қолдау арқылы зорлық-

зомбылықты болдырмау, қақтығыстық жайттарды реттеу және бейбітшілік мәдениетін құру мақсатында жастардың, олардың мекемелері мен басшыларының әлеуетін нығайту;

d. төмендегілерге ерекше көңіл бөле отырып, жастармен жұмыс істеу:

- жастар саясаты шеңберінде, атап айтқанда, жастармен жұмыс істеудің еуропалық күн тәртібі және оны Еуропалық Одақпен тығыз ынтымақтастықта іске асыру арқылы жастар саясатын және жастармен жұмыс істеуді нығайту, мойындау және ілгерілету;
- еріктілер, сондай-ақ жастар ісі жөніндегі еңбекақы алатын қызметкерлер атқаратын жастармен жұмыс істеу сапасын арттыру;
- жастардың неғұрлым кең топтарының мүддесінде жастармен жұмыс істеудің және бейресми білім алудың немесе оқудың қолжетімділігі мен тартымдылығын кеңейту;

3. Жоғарыда аталған басымдықтар Еуропа Кеңесінің жастармен өзара іс-қимыл жасауына көмектесетін мынадай қағидаттармен нығайтылуға тиіс деп қаулы етеді: өзара сыйластық пен сенім, жан-жақты қамтылу, тұрақты ұстаным, қатысу, тең құқық, көлегейсіздік пен ынтымақтастық;

4. Жоғарыда аталған басымдықтар мыналар арқылы іске асырылуға тиіс деп қаулы етеді:

- Еуропалық Кеңестің стандарттарының негізінде жастарға қатысты саясатты дайындау мен жүзеге асыру мәселелері бойынша жалпы еуропалық деңгейде үкіметаралық ынтымақтастық;
- мүше мемлекеттерде жастар саясатын дамытуға екі жақты және көп жақты қолдау шаралары арқылы көмек көрсету;
- жас көшбасылардың (жастардың көсемдері мен жастар істері жөніндегі қызметкерлер) әлеуетін, атап айтқанда, Еуропалық жастар орталықтары және олардың білім беру мен кәсіптік даярлау бағдарламалары арқылы қалыптастыру;
- жастармен жұмыс істеуде жалпы еуропалық бәтуаластықты, заңдылықты және көпжақты жауапкершілікті дамыту үшін негізгі тұғыр, сондай-ақ саяси және ведомствоаралық ынтымақтастыққа арналған кеңістік болатын шешімдерді қабылдау үшін, атап айтқанда жастар мен үкімет өкілдерінің басын қосатын бірлескен басқару жүйесі арқылы жастардың тиімді басқаруы және қатысуы;
- жастардың азаматтық қоғамын дамытуға, атап айтқанда Еуропалық жастар қоры арқылы қаржылық қолдау көрсету;
- жастармен жұмыс істеудегі жаңашылдық, жастар саясаты және жастар мәселелерін зерттеу;
- жастар ісі саласындағы билік органдарының, мамандар мен зерттеушілердің арасындағы ынтымақтастық;
- жастарға қатысты саясат саласындағы сапаны арттыру және стандарттарды белгілеу;
- Еуропа Одағымен ынтымақтастық және Еуропа Кеңесінің жастар департаментіне қатысы бар салалардағы басқа да мүдделі тараптармен және қызметтермен серіктестік қарым-қатынас;
- жастардың мүдделеріне басымдық беру және Еуропа Кеңесіндегі департаменттер арасындағы ынтымақтастық;
- қолайсыз жайттарды басынан кешетін жас адамдармен алдын ала байланыс орнату және оларды тарту;
- болашақ үрдістерді, қиындықтар мен мүмкіндіктерді болжау;

5. Осы стратегия Еуропа Кеңесі жастар департаментінің бірімен байланысты әрі өзара тәуелді болып табылатын мынадай құралдарының көмегімен жүзеге асырылуға тиіс деп қаулы етеді:

- Еуропа Кеңесі жастар департаментінің бірлесіп басқарылатын, осы қарардың негізінде жұмыс бағдарламаларын әзірлеуге және тиісті жағдайларда Министрлер комитетіне стандарттар бойынша ұсыныстар беруге тиісті органдары;

- Еуропа жастар орталықтары мен Еуропа жастар қоры, олар алдағы уақытта да Еуропа Кеңесінің басты құндылықтарының негізінде еуропалық жастар ынтымақтастығын дамыту мен кеңейту жөніндегі рөлін орындауда қолдау көрсетуге тиіс;
- Жастар істері жөніндегі еуропалық комиссиямен серіктестік, оны алдағы уақытта да екі әріптес арасындағы тиімді ынтымақтастықтың үлгісі ретінде қолдау қажет;

6. Осы стратегия Еуропа Кеңесінің 2030 жылға дейінгі дәйекті бағдарламалары мен бюджеттерінің шеңберінде жүзеге асырылуға және мезгіл-мезгіл бағаланып отыруға тиіс деп және Жастар істері жөніндегі бірлескен кеңес (СМЖ) оның жүзеге асырылуын тиісті түрде бағалап тұруға тиіс деп қаулы етеді.